

## Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 6 мамырдағы N 214 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 31 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6265 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 72 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 13.03.2013 № 72 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 26-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесі бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі м.а. 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 264 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5437 болып тіркелген) ;

2) «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 264 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009 жылғы 24 қаңтардағы № 5-П бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5522 тіркелген).

3. Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті (А. Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*  
Қ а з а қ с т а н  
Э к о н о м и к а

*Б. Жәмішев*  
Р е с п у б л и к а с ы  
ж ә н е б ю д ж е т т і к



нормативтік құқықтық актілеріне негізделген топтамасы бюджет түсімдерінің  
сыныптамасы болып табылады.

7. Бюджет түсімдері сыныптамасының топтамасы мыналардан тұрады:  
түсімдердің экономикалық белгілері бойынша топтамасын білдіретін  
санаттар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;  
түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша топтайтын сыныптар.  
Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады;  
түсімдерді олардың көздері мен түрлері бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі  
топтайтын ішкі сыныптар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;  
бюджетке түсетін төлем немесе түсім түрін айқындайтын ерекшеліктер.  
Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады.

8. Түсімдердің әрбір түрінің түсімдер сыныптамасының барлық деңгейлерінің  
кодтарынан қалыптасатын алты белгілі коды болады.

9. Түсімдердің әрқилы түрлері үшін бірдей алты белгіден тұратын кодтарды  
белгілеуге жол берілмейді.

10. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы мынадай негізгі санаттарды қамтиды:

- 1 - салықтық түсімдер;
- 2 - салықтық емес түсімдер;
- 3 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;
- 4 - трансферттерден түсетін түсімдер;
- 5 - бюджеттік кредиттерді өтеу;
- 6 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер;
- 7 - қарыздардың түсімі;
- 8 - бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары.

11. Бюджет түсімдерінің сыныптамасы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес  
құрылым бойынша жасалады.

### **3-тарау. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы**

12. Мемлекет функцияларының орындалуын, республиканың стратегиялық,  
орта мерзімді бағдарламалары мен даму жоспарларын іске асыруды бейнелейтін  
функционалдық және ведомстволық белгілер бойынша бюджет қаражатының  
жұмсалу бағыттарын айқындайтын барлық деңгейлердегі бюджеттер  
шығыстарының топтамасы бюджет шығыстарының функционалдық  
сыныптамасы болып табылады.

13. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасының топтамасы  
мынадай деңгейлерден тұрады: функционалдық топтар; функционалдық ішкі  
топтар; бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері; бюджеттік бағдарламалар және  
кіші бағдарламалар.

14. Функционалдық топ елдің стратегиялық даму басымдықтарына сәйкес келетін және олардың әрқайсысының айқын мақсатын көрсететін елдің негізгі даму бағыттарын көрсетеді. Сыныптамалық коды 2 белгіден тұрады.

15. Мемлекеттік басқару органдары орындайтын функцияларға байланысты бюджет шығыстары мынадай функционалдық топтар бойынша сыныпталады:

- 01- Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер;
- 02 - Қ о р ғ а н ы с ;
- 03- Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі;
- 04 - Б і л і м б е р у ;
- 05 - Д е н с а у л ы қ с а қ т а у ;
- 06- Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру;
- 07- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық;
- 08- Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік;
- 09- Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану;
- 10- Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары;
- 11- Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі;
- 12- Көлік және коммуникациялар;
- 13 - Ө з г е л е р і ;
- 14- Б о р ы ш қ а қ ы з м е т к ө р с е т у ;
- 15 - Т р а н с ф е р т т е р ;
- 16 - Қ а р ы з д а р д ы ө т е у .

16. Функционалдық ішкі топ (бұдан әрі - ішкі функция) ел дамуының әрбір стратегиялық басымдығы жөніндегі міндеттер тобын функционалдық топ ішінде нақтылайды. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады.

17. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері оларға жүктелген функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес айқындалады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және бюджеттік бағдарламалар нәтижелеріне жетуге жауапты мемлекеттік орган.

Бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісінің құзыретіне жатқызылмайтын экономиканың әртүрлі салаларында жобалардың іске асырылуын көздейтін ұлттық холдингтер мен ұлттық басқарушы холдингтердің жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру жоспарланатын бюджеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әрекет етеді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.20 № 647**

**Б ұ й р ы ғ ы м е н .**

18. Бюджеттік бағдарламалардың әрбір әкімшісіне өзінің жеке сыныптамалық

коды беріледі, коды 3 белгіден тұрады.

19. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымына негізделе отырып, айқындалады.

20. Бюджеттік бағдарлама мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында айқындалған стратегиялық бағыттармен, мақсаттармен, міндеттермен, нәтижелер көрсеткіштерімен өзара байланысты, нәтиже көрсеткіштері мен бюджет шығыстарын қаржыландыру көлемі бар бюджет шығыстарының бағыттарын айқындайды. Сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады.

21. Атаулары бірдей бюджеттік бағдарламалар, соның ішінде бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды орындау кезінде пайдаланылатындар мен бюджеттік бағдарламалардың бірнеше әкімшілеріне бекітілгендердің де кодтары біреу және 100-ден бастап 199-ға дейінгі кодтар бойынша сыныпталады.

22. функционалдық топ, функционалдық кіші топ, бюджеттік бағдарлама әкімшісі, бюджеттік бағдарлама және кіші бағдарлама кодтарынан жасалатын әрбір он екі белгілі код бюджет шығыстарының барлық функционалдық сыныптамасынан бірегей болып табылады.

23. Бюджеттік бағдарлама нәтижелердің бюджеттік бағдарламаларға арналған көрсеткіштер бюджеттік ішкі бағдарламаларға да қолданылатын шарт кезінде бюджет қаражатын жұмсаудың бағыттарын нақтылайтын ішкі бағдарламаларға б ө л і н у і м ү м к і н .

Бюджеттік кіші бағдарлама бюджеттік бағдарлама шеңберіндегі бюджет шығыстарының нақты бағыттарын ашады.

Бюджеттік бағдарламаларда 001-ден 999-ға дейінгі сыныптамалық код болады. Бірнеше әкімшілеріне бекітілген, аттас бюджеттік бағдарламалар 100-ден 199-ға дейін жіктеледі.

Бюджеттік кіші бағдарламаларда 001-ден 999-ға дейінгі сыныптамалық код болады. Бірнеше әкімшілерге бекітілген аттас бюджеттік кіші бағдарламалар 001-ден 099 аралығындағы кодтар бойынша жіктеледі.

24. Егер бағдарлама кіші бағдарламаларға бөлінбесе, олардың орнына 000 сыныптамалық коды көрсетіледі.

25. Бюджеттік бағдарламалар мыналарға бөлінуі мүмкін:

- 1) мазмұнына байланысты мыналарға:
  - мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;
  - трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру;
  - бюджет кредиттерін беру;
  - бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру;
  - күрделі шығыстарды жүзеге асыру;

мемлекет міндеттемелерін орындау;  
нысаналы салым салу.

2) мемлекеттік басқару деңгейіне қарай мыналарға:  
республикалық бюджеттің құрамында бекітілетін республикалық  
бағдарламалар;

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің  
құрамында бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана  
бағдарламалары;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін  
аудандық (қалалық) бағдарламалар;

республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудан (облыстық  
маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін қаладағы ауданның,  
аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық)  
округтің бюджеттік бағдарламалары болып бөлінеді.

Облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана, аудандық (қалалық)  
бюджеттік бағдарламалар, сондай-ақ қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар  
қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік  
бағдарламалары жергілікті бюджеттік бағдарламалар болып табылады.

3) іске асыру тәсіліне қарай мыналарға:  
бір әкімші іске асыратын жеке бюджеттік бағдарламалар;  
белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік  
бағдарламаларының құрамында бекітілетін және бюджеттік бағдарламалардың  
түрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге тиіс бөлінетін  
бюджеттік бағдарламалар болып бөлінеді.

Мұндай бюджеттік бағдарламаларды бөлу 2008 жылғы 4 желтоқсандағы  
Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 33-бабының 3-тармағына сәйкес  
жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламалар бірыңғай бюджеттік сыныптаманың құрамында  
тиісті белгі (код) тағайындала отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және  
бюджеттік даму бағдарламалары болып бөлінеді.

Бюджеттік даму бағдарламаларына бюджеттің бюджеттік инвестицияларды  
жүзеге асыруға бағытталған шығыстары жатады. Бюджеттің қалған шығыстары  
ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға жатады.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.02.20 №  
103 Бұйрығымен.**

26. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы осы Ережеге 2-  
қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

27. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы негізінде  
бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін және бюджеттік бағдарламаларды (ішкі

бағдарламаларды) топтастыру арқылы жасалатын бюджет шығыстарының ведомстволық сыныптамасы қалыптастырылуы мүмкін.

#### **4-тарау. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы**

28. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын операцияларды бейнелейтін экономикалық сипаттамалар бойынша бюджет шығыстарын топтастыру бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы болып табылады.

29. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын топтастыру мыналардан тұрады:

шығыстарды экономикалық белгілері бойынша топтастыратын санаттар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;

шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша топтастыратын сыныптар. Сыныптамалық коды 1 белгіден тұрады;

шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша барынша егжей-тегжейлі топтастыратын ішкі сыныптар. Сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады;

бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік мекеме жүргізетін операцияның түрін айқындайтын ерекшеліктер. Сыныптамалық коды 3 белгіден тұрады.

30. Ерекшеліктердің сыныптамалық кодтары шығыстардың экономикалық сыныптамасының жоғары тұрған деңгейлерінің сыныптамалық кодтарынан бөлек қолданыла алады және әртүрлі санаттарда, сыныптарда, ішкі сыныптарда қайталанбауға тиіс.

31. Экономикалық сыныптама мынадай санаттардан тұрады: ағымдағы шығындар - мемлекеттік мекемелердің өз функцияларын жүзеге асыруға байланысты шығындары;

күрделі шығындар - негізгі капиталды құруға, қалпына келтіруге немесе сатып алуға байланысты шығындар;

бюджеттік кредиттер - қайтарымды, мерзімді және ақылы негізде бюджеттен бөлінетін ақша;

қаржы активтерін сатып алу - мемлекеттік меншікке заңды тұлғалардың, оның ішінде, халықаралық ұйымдардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатып алу жөніндегі операциялармен байланысты шығыстар;

қарыздарды өтеу - қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсалатын шығыстар.

32. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы осы Ережеге 3-

қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалады.

33. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес ерекшеліктердің анықтамасы мен ерекшеліктер бойынша шығындардың тізбесі көрсетілетін бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын жасайды және бекітеді.

## **2-бөлім. Бюджеттік сыныптаманы жасау, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

### **5-тарау. Бюджеттік сыныптаманы жасау, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

34. Мемлекеттік басқару органдарының Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі нормативтік негізделген тиісті ұсыныстары бюджетті жоспарлау процесінде, сондай-ақ Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер немесе толықтырулар енгізуді болжайтын нормативтік құқықтық акт қабылданған жағдайда бюджетті атқару барысында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізіледі.

35. Бюджеттік сыныптаманың жобасына алдағы қаржы жылына арналған бюджет жобасын жоспарлау үшін қажетті өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар ағымдағы жылдың 15 сәуіріне дейін енгізіледі.

36. Алдағы қаржы жылына арналған Бюджеттік сыныптама жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы жылдың 15 мамырына дейін республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

37. Тиісті бюджет деңгейлерінен қолданыстағы сыныптамалық кодтар алынып тасталған жағдайда, Бюджеттік сыныптаманы жасау кезінде олардың қолданылуының аяқталу күні көрсетіледі.

38. Бюджеттік сыныптама жоспарланатынының алдыңғы жылдың 10 желтоқсанына дейін алдағы жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданғаннан кейін бекітіледі.

### **6-тарау. Бюджет түсімдерінің сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

39. Бюджеттік сыныптамада бюджеттік түсімдердің жаңа түрлерін енгізуді, қолданыстағы түрлерін алып тастауды немесе өзгертуді тиісті нормативтік құқықтық акті негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган



ж ү р г і з е д і .

40. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік басқару органдарының бюджет түсімдерінің жаңа түрлерін енгізу туралы, қолданыстағыларды алып тастау немесе өзгерту туралы тиісті ұсыныстарының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Қарау нәтижелері негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы жоба бұйрығын әзірлейді, не ұсынысты кейінге қалдырады.

## **7-тарау. Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

41. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың жаңа әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту орталық мемлекеттік орган құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, сондай-ақ қажет болған кезде олардың функциялары өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

42. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың жаңа әкімшілерін енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымын өзгерткен және (немесе) жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымында көзделген, бірақ жылына екі реттен артық емес құрылымдық бөлімшелердің біріктірілуі, қосылуы туралы облыстар, Алматы, Астана қалалары әкімдерінің шешімдерін қабылдаған жағдайда жүзеге асырылады.

43. Бюджеттік сыныптамада жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту бюджет шығыстарының тиісті түрлерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер негізінде жүргізіледі.

43-1. Қолданыстағы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) дебиторлық және (немесе) кредиторлық берешегі бар болғанда алып тастау толық берешек өтелгеннен (есептен шығарылғаннан), немесе осы берешектің құқықтық мирасқоры анықтаған республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік бағдарламасына көшірілгеннен кейін жүргізіледі.

**Ескерту. Ереже 43-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.08.24 № 425 Бұйрығымен.**

44. Жергілікті атқарушы органдар жаңа жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу туралы, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстарды тиісті орталық салалық мемлекеттік органдарға жібереді, олар бұл ұсыныстардың қолданыстағы

нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі, өкілеттіктерді мемлекеттік басқару деңгейлері арасында тарату мәніне қарайды.

Сәйкес келмеген жағдайда орталық салалық мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдарға Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуден негізделген бас тартуды қалыптастырады.

Сәйкес келген жағдайда орталық салалық мемлекеттік органдар жергілікті атқарушы органдар ұсыныстарының жиынтық тізбесін жасайды және өздерінің қорытындыларымен бірге бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

45. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық салалық мемлекеттік органдардың жаңа республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізу туралы, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы ұсыныстарының олардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін, нормативтік құқықтық негіздемесінің болуын, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қарау нәтижелерінің негізінде Бюджеттік сыныптамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы бұйрық жобасын әзірлейді, не ұсыныстарды қабылдамайды.

46. Ағымдағы қаржы жылы бюджетінің атқарылуы барысында жаңа бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) енгізуге, қолданыстағыларын алып тастауға немесе өзгертуге бюджет нақтыланған немесе түзетілген кезде ғана болады.

## **8-тарау. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын жасау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

47. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының жаңа ерекшелігін енгізуді, қолданыстағыны алып тастау немесе өзгертуді мемлекеттік органдардың ұсыныстарын ескере отырып бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

48. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдардың шығыстардың экономикалық сыныптамасының жаңа ерекшелігін енгізу туралы, қолданыстағыларын алып тастау немесе өзгерту туралы тиісті ұсыныстарының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына, сондай-ақ осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

49. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Бюджеттік

сыныптама бекітілгеннен кейінгі бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы негізінде бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымын жасайды және бекітеді.

## **9 тарау. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдармаларды) әзірлеу тәртібі және олардың мазмұнына қойылатын талаптар**

50. Бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі әзірлейді және ол мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының құрамында бекітіледі.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жоспарлы кезеңге арналған бюджет қаражатын жоспарлау көлемі, нәтижелілік және тиімділік көрсеткіштері бар бюджеттік бағдарламаларды әзірлейді.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.02.20 № 103**

**Б ұ й р ы ғ ы м е н .**

51. Бюджеттік бағдарламалар стратегиялық жоспарда қалыптасқан мақсаттар мен міндеттемелерді шешу үшін қажеттілік пен жеткіліктілік принциптеріне негізделі отырып әзірленеді.

Бюджеттік бағдарламалар өзінің мазмұны бойынша біртекті мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және мемлекеттік қызметтер көрсетуге немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қызметінің бағыттарына топталуы тиіс.

52. Бюджеттік бағдарламада оны іске асыруды бағалау үшін тікелей және түпкілікті нәтижелердің көрсеткіштері болуы тиіс, сондай-ақ бюджеттік бағдарламада сапа мен тиімділік көрсеткіштерінің болуы мүмкін.

Сапа көрсеткіштері көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің оны алушылардың талабына сәйкестігі деңгейін көрсетеді.

Тиімділік көрсеткіштері мемлекеттік қызмет көрсету бірлігінің құнын немесе мемлекеттік қызмет көрсету құнына салымдардың бірлігіне арналған бюджетке түсетін түсімдердің көлемін көрсетеді.

53. Бюджеттік бағдарлама Ереженің 23-тармағында көрсетілген жағдайларда кіші бағдарламаларға бөліне алады.

54. Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және солардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мазмұнын және солардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуді немесе мемлекеттік орган қызметінің бағыттарын көрсетуі тиіс.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың құнына және солардан туындайтын мемлекеттік

қызметтер көрсетулерге соларға байланысты барлық ағымдағы шығыстар кіреді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның құнын анықтаған кезде мемлекеттік қызметтердің бекітілген стандарттары пайдаланады

55. Трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға :

- 1) бюджеттер деңгейлері арасындағы трансферттер;
- 2) мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне ақшалай төлемдерден басқа, жеке тұлғаларға арналған трансферттер;
- 3) жеке және заңды тұлғаларға арналған бюджеттік субсидиялар жатады.

Бюджеттер деңгейі арасында трансферттер жалпы сипаттағы трансферттерге, ағымдағы нысаналы трансферттерге, дамуға арналған нысаналы трансферттерге б ө л і н е д і .

Бюджет субвенциялары мен бюджеттік алулар жалпы сипаттағы трансферттер болып табылады.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттерде бекітілген сома шегінде беретін, жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде ескерілмейтін трансферттері ағымдағы нысаналы трансферттер болып табылады.

төмен тұрған бюджетке шығыстардың артуына және (немесе) жергілікті бюджеттердің кірістерінің қысқаруына әкеп соғатын облыстың өкілді және атқарушы органдарының заңнамалық актілерін, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін қабылдаудан туындайтын төмен тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған жоғары тұрған бюджеттер ;

жоғары тұрған бюджетке мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне мемлекеттік органдардың функцияларын тапсыруға байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығыстарының артуына әкеп соғатын заңнамалық актілер, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін қабылдаудан туындайтын жоғары тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған төмен тұрған бюджеттер.

республикалық немесе облыстық бюджет бекіткен сомалар шегінде жоғары тұрған бюджеттер төменгі тұрған бюджеттерге беретін трансферттер дамуға арналған нысаналы трансферттер болып табылады.

Трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары трансферттер немесе субсидиялар арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың бағыттарын көрсетуі тиіс.

**Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.20 № 647 Б ұ й р ы ғ ы м е н .**

56. Бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларға:

- 1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;
- 2) мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға;
- 3) қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына

;

4) төмен тұрған бюджеттердің қолма-қол ақшаның тапшылығын жабуға бағытталды.

Бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар атаулары бюджеттік кредиттер шығыстарының бағыттарын көрсетуі тиіс.

57. Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға :

бюджеттік инвестициялар жобаларын іске асыру;  
концессиялық жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыру шартында іске асыру арқылы ;  
жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың қалыптастыру (толықтыру) .

Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар атаулары бюджеттік қаражат бөлінетін мақсаттарды көрсетуі тиіс.

58. Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға :

- 1) материалдық-техникалық базаны қалыптастыру немесе нығайту;
- 2) күрделі жөндеу (қалпына келтіру) жүргізу;
- 3) бюджеттік инвестициялардан басқа шығыстардың экономикалық сыныптамасына сәйкес өзге де күрделі шығыстар жатады.

Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар атаулары бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің күрделі шығыстарының мазмұнын көрсетуі тиіс.

59. Мемлекеттік міндеттемелерді орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға :

1) уақыттың белгілі бір кезеңіндегі сыйақының, комиссиялық алымдардың, айыппұлдардың және қарыз алу шарттарынан туындайтын өзге де төлемдердің жиынтық төлемдері, хеджирлеу мәмілелері бойынша төлемдер;

2) қарыз алушының алған қарыз сомасын қарыз шартында белгіленген тәртіппен қайтаруы, қарыз шартынан туындайтын басқа да міндеттемелерді орындауы ;

3) халықаралық ұйымдарға үлестік жарналар;

4) мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктер бойынша міндеттемелерді орындауы ;

5) мемлекеттің белгіленген тәртіппен ратификацияланған келісімдерден, немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінен немесе соттар

шешімдерінен туындайтын басқа да міндеттемелері жатады.

Мемлекет міндеттемелерін орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламалар атаулары қабылданған мемлекеттік міндеттемелерді орындау үшін жүзеге асырылуы тиіс шығыстардың мазмұнын көрсетуі тиіс.

## **10-тарау. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу тәртібі**

**Ескерту. Ереже 10-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.20 № 647 Бұйрығымен.**

60. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары жоспарлы кезеңге арналған жылжымалы негізде жыл сайын әзірленеді.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижені ғана көрсетеді.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.07.20 № 346 Бұйрығымен.**

61. Стратегиялық жоспарды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарлама жобасы осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және өзіне мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы;
- 2) бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы;
- 3) жоспарлы кезең;

4) "Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі" деген жолында осы бағдарлама шеңберінде іске асырылатын мемлекеттік функцияларды, осы бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру қажеттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері көрсетіледі.

Осы жол бойынша, заңнама актілерін қоспағанда, нормативтік құқықтық актінің толық атауы, күні мен нөмірі, заңнама актісіне сілтеме жасалған жағдайда тиісті бапқа міндетті түрде нұсқау көрсетіледі;

5) "Бюджеттік бағдарламаны сипаттау (негіздеме)" деген жолы бойынша шығыстардың бағытын көрсете отырып, бюджеттік бағдарламаға қысқаша сипаттама жүргізеді;

6) "Бюджеттік бағдарламаның түрі" деген жолында: "мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты" деген жолында мемлекеттік басқару деңгейіне қарай мыналарға;

республикалық бюджеттің құрамында бекітілетін республикалық облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің құрамында бекітілетін облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін  
а у д а н д ы қ ( қ а л а л ы қ );

республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің құрамында бекітілетін қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламалары болып бөлінеді;

"мазмұнына байланысты" деген жолында бағдарлама мазмұнына байланысты бюджеттік бағдарламаның түрі;

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан шығатын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беру;  
бюджет кредиттерін беру;

бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру;  
күрделі шығыстарды жүзеге асыру;

мемлекеттік міндеттемелерді орындау көрсетіледі;  
н ы с а н а л ы с а л ы м с а л у ;

"іске асыру тәсіліне қарай" деген жолында жеке не бөлінетін бюджеттік бағдарламалар көрсетіледі;

"ағымдағы/даму" деген жолы бойынша ағымдағы бюджеттік бағдарлама не даму бюджеттік бағдарламасы көрсетіледі.

7) "Бюджеттік бағдарламаның мақсаты" деген жолында бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізілуі тиіс белгілі бір нәтиже өткізіледі. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты анық, нақты және қол жетімді болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты, мемлекеттік басқару функциясына, елдің стратегиялық даму міндеттеріне, республика немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, мемлекеттік, салалық бағдарламаларға, ауданды дамыту бағдарламаларына сүйене отырып қ а л ы п т а с а д ы ;

8) "Бюджеттік бағдарламаның міндеттері" деген жолында бюджеттік бағдарламалардың түпкі нәтижесіне қол жеткізу жолдары көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаның міндеттері анық, дәл, нақты және тексерілген б о л у ы т и і с ;

"Бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар" деген бағанда жоспарлы кезеңде олардың іске асырылу мерзімдері көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған негізгі іс-шаралар (әрекеттер) көрсетіледі (2-4 бағандар);

9) Бюджеттік бағдарламаны іске асыру мерзімі республиканың немесе өңірдің

әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, мемлекеттік, салалық бағдарламалардың, ауданды дамыту бағдарламаларында көзделген іс-шараларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес болуы тиіс;

10) "Тікелей нәтиже көрсеткіштері" деген жолда бюджеттік бағдарламаның қойылған мақсатына қол жеткізу үшін бюджеттік бағдарламаны іске асыру нәтижелерін көрсететін сандық не сапалық көрсеткіштер көрсетіледі;

11) "Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері" деген жолда халықтың өмірінің деңгейі мен сапасының нысаналы жағдайының (жағдайының өзгеруінің), әлеуметтік саланың, экономиканың, қоғамдық қауіпсіздік пен бюджеттік бағдарламаны іске асырудың тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген басқа мемлекеттік басқарудың салаларының (аяларының) көрсеткіштері келтіріледі. Осы жол мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

12) "Сапа көрсеткіштері" деген жолда бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің оны алушылардың үміттеріне және мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес келу деңгейін көрсететін көрсеткіштер көрсетіледі. Осы жол мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

13) "Тиімділік көрсеткіштері" деген жолда бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей нәтижеге қол жеткізу деңгейін немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдалана отырып, тікелей нәтижеге қол жеткізуді көрсететін көрсеткіштер келтіріледі. Осы жол мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды;

14) "Бюджеттік қаражат көлемі" деген жолында есепті және ағымдағы жылдардағы, сондай-ақ жоспарлы кезеңді жылдар бойынша бөлудегі жоспарлы кезеңдегі мың теңгедегі осы бюджеттік бағдарлама бойынша бюджет қаражатының көлемі көрсетіледі (3-7-бағандар).

**Ескерту. 61-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.07.20 № 346 Бұйрығымен.**

62. Бюджеттік өтініммен бір мезгілде стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстарын жоспарлау үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде бюджеттік бағдарламалар ж о б а л а р ы н ұ с ы н а д ы .

63. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары республикалық бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және Қазақстан



Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойған күннен бастап бір апта мерзімде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші б а с ш ы с ы б е к і т е д і .

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының бюджеттік бағдарламаларының жобалары пысықталады және тиісті жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін тиісті тексеру комиссиясының төрағасы бекітеді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихат аппараттарының бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін тиісті мә с л и х а т х а т ш ы с ы б е к і т е д і .

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

**Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2012.02.20 № 103 Бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2012.07.20 № 346 Бұйрығымен .**

64. Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларына мынадай:

- 1) Қазақстан Республикасының жаңа заңдары қабылданған не өзгерістер е н г і з і л г е н ;
- 2) жаңа бағдарламалық құжаттар қабылданған не өзгерістер енгізілген;
- 3) мемлекеттік органның функциялары, құрылымдары өзгерген;
- 4) көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал ететін республикалық немесе жергілікті бюджеттердің параметрлері өзгерген жағдайларда өзгерістер мен толықтыруларға е н г і з у г е ж о л б е р і л е д і .

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде бюджеттік бағдарламаны әзірлеу мен бекіту кезіндегі осы Ережемен белгіленген талаптар сақталады.

Бюджетті нақтылауға байланысты бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда бюджетті әзірлеу мен бекіту кезінде Бюджет кодексімен белгіленген талаптар сақталады.

"Қаржыландыру көлемінің өзгеруіне байланысты бюджеттік бағдарламаларға

өзгерістер мен толықтырулар жобалары тиісті бюджеттік комиссиямен қарастырылады.

Қазақстан Республикасының  
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын  
жасау ережесіне 1-қосымша

### Бюджет түсімдерінің сыныптамасы

С а н а т ы				С ы н ы б ы		
				с ы н ы б ы		
				Е р е к ш е л і г і		
				аяқталатын күні		
				А т а у ы		
0				0	0	
00				0		

Қазақстан Республикасының  
Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын  
жасау ережесіне 2-қосымша  
Бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы

Ф у н к ц и о н а л д ы қ				т о п		
				ф у н к ц и я		
				Б а ғ д а р л а м а		
				К і ш і		
				Қ о л д а н ы л у ы н ы ң		
				аяқталатын күні		
Атауы						
0				0	0	
0				0	0	0
000				0	0	0



# Стратегиялық жоспарды әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы

---

бюджеттік бағдарламаның коды және атауы

жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі							
Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)							
Бюджеттік бағдарламаның түрі		мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты					
		мазмұнына байланысты					
		іске асыру тәсіліне қарай					
		ағымдағы/даму					
Бюджеттік бағдарламаның мақсаты							
Бюджеттік бағдарламаның міндеттері							
Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар				жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі			
1				2	3	4	
Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы	өлшем бірлігі	есепті жыл	ағымдағы жыл жоспары	жоспарлы кезең			
1	2	3	4	5	6	7	
Тікелей нәтиже көрсеткіштері							
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері*							
Сапа көрсеткіштері *							
Тиімділік көрсеткіштері *							
Бюджеттік қаражатының көлемі	мың. теңге						

\* осы жолдары мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз етуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша толтырылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК